жойылуы мүмкін.

13.7. Соттың шешімі бойынша Серіктестік мына жағдайларда жойылуы мүмкін:

1) банкротқа ұшыраганда;

2) түзетілмейтіндей сипаттағы заң бұзушылыққа жол берілуіне байланысты Серіктестіктің тіркелуі дұрыс емес деп танылғанда;

3) қызметті тиісті рұқсатсыз (лицензиясыз) жүргізгенде немесе заң актілерімен тыйым салынған қызметті жүргізгенде не заңдылықты бірнеше рет немесе өрескел бұзған жағдайда;

4) басқа жағдайларда заң актілерімен қарастырылған жағдайда.

13.8. Осы баптың 13.7. тармағында көзделген негіз бойынша Серіктестікті жою туралы талап егер заң актілерімен көзделмеген жағдайда сотта мүдделі адаммен қойылуы мүмкін.

13.9. Серіктестікті жою қатысушылардың жалпы жиналысында тағайындалған жою комиссиясымен, ал банкротқа ұшыраған жағдайда заңда белгіленген тәртіппен сот тағайындаған өкілетті адаммен (органмен) жүзеге асырылады.

13.10. Жою комиссиясы, жою шараларын жүргізуге өкілеттік берілген адам (орган) тағайындалға сәттен бастап Серіктестіктің ісін басқару солардың өкілеттігіне көшеді.

13.11. Серіктестік заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеуге сол жөнінде жазу жазылған сәттен бастап жойылды деп саналады.

Несиешілердің наразылығы ҚР Азаматтық кодексіне, банкроттық туралы заң актілеріне және Қазақстан Республикасының басқа да заң актілеріне сәйкес қанағаттандырылады.

13.12. Серіктестіктік қалған мүліктер жұмысшалардың еңбек ақысын төлеу бойынша есеп айырысқаннан кейін, соның ішінде заң актілерінде қарастырылған өтелім ақыларын төлегеннен кейін, несиешілердің алдындағы міндеттерін орындағаннан кейін Серіктестік қатысушыларына таратылады.

14-бап. Іс қағаздарын жүргізу, бухгалтерлік есеп және мәліметтік есеп беру.

14.1. Қазақстан Республиксындағы қолданыстағы ережелерге сәйкес Серіктестік өзінің қызмет нәтжесіне бухгалтерлік есепті жүзеге асырады мәліметтік және қаржылық есеп жүргізеді.

Серіктестік есеп жүргізу мен есеп берудің тәртібі мен дұрыстығын заңға сәйкес сақтамағаны үшін қатаң жауап береді.

15-бап. Серіктестіктің дауларды шешу.

15.1. Серіктестік қызметіне байланысты туындаған дау мен келіспеушіліктер мүмкіндігінше өзара сөйлесу арқылы шешіледі.

Егер келіске келе алмайтын болса, мәселе Қазақстан Республикасы заңнамаларына сәйкес, өкілетті сот органдары арқылы шешіледі.

16-бап. Қаржылық жыл.

16.1. Серіктестіктің қаржылық жылы күнпарақтық жылмен сәйкес келуі тиіс.

17-бап. Қорытынды ереже.

17.1.Егер осы Жарғының бір ережесі дұрыс емес деп танылатын болса, онда ол бәрібір егер тура қатысы болмаса басқа ережелерге кеселін тигізбейді. Дұрыс емес ережелер қажет болған жағдайда құқықтық қатынастарға сәйкес Жарғының құнын түсірмейтіндей, мағынасын бұзбайтындай түзетіледі.

«Қарағанды – Нан» ЖШС
Директоры: Бишит Телгожаевы Надежда Егоровна